

Б. У. ӘЗІБАЕВА

## «БОЗЖІГІТ» ЖЫРЫ: ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

“Бозжігіт” дастаны ел арасында кең таралған, ерте замандардан бері танымал жырлардың қатарына жатады.

Соңғы уақыттарға дейін бұл дастан өзге халықтар әдебиетінен ауысқан сюжетке, яғни шығыс хикаяларының желісіне құрылған деп саналып, сол іспеттес шығармалар құрамында зерттеліп, жарияланды. Сонымен бірге 1990 жылы жарияланған романдық (ғашықтық) дастандарға арналған монографиялық еңбекте [1] бұл шығарма дәстүрлі фольклорлық сюжетке негізделген халқымыздың төл шығармасы ретінде жүйеленіп, зерттелді.

Біздің пайымдауымызша, “Бозжігіт” дастанына Дешті Қыпшактың иен даласында өмірде нақты болған оқиғалар ізімен айтылған аныз, әңгімелер арқау болған. Бозжігіт пен Қараашатың мөлдір маҳаббаты, оның трагедиялық аяқталуы, екі жастың сезімдерінің пәктігі мен ғажайыптығы осы тарихты білген, көрген, естігендерге өте әсерлі болғанға ұқсайды. Уақыт өте екі жастың маҳаббаты, оқиғаның кейір епизод, детальдары ұмытылса да, олардың маҳаббат өлеңдері, монолог, диалогтары кейінгі үрпакқа жеткен. Сондай-ақ екі ғашықтың және олардың айналасындағы дос, дүшпандарының түрлі жағдайларда айтқан көрісу, амандасу, қоштасу, жар-жар өлеңдері мен екі жас қаза болғанда айтылған естірту, көніл айту, жоктаулардың баға жетпес үлгілері халық жадында сақталған.

Сол өлең, жырларды есімі белгісіз фольклор жинаушысы, сөз өнерін бағалаушылардың бірі жинақтап, айтылған күйінде, өзгертусіз, сондай-ақ болған оқиғаның мазмұнын, оған қатысқан адамдардың іс-әрекеттерін баяндайтын қара сөз үлгісіндегі үзінділерді де жинақтап, яғни қарасөз бен өлең араласқан мәтінді кітап етіп құрастырып, XIX ғасырдың бірінші жартысында араб әрпінде жарыққа шығарған.

Ол кітап әлі табылған жоқ, сондықтан ойымызды төмөнті фактілерге сүйене отырып дәлел-

дейміз. «Бозжігіт» жырының мәтіні 1870 жылы В. В. Радловтың “Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи” атты көптомдық еңбегінің ушінші томында кирилл әрпінде жарияланды. Бұл – жырдың алғашқы жарияланымдарының бірі болды.

В. В. Радлов жариялаған бұл нұсқаның көлемі – 2894 жол. Алғашқы 90 жолында Аллаға мадақ, пайғамбарымыз Мұхаммедке [с.а.с.]\* салауат айтылады. Одан кейін қарасөз берілген:

“Омбы шәріне барғанда “Бозжігіт” кітапты бірқатар көріп едім. Бұл кітап жақсы жазылған еді, жыры көп жоқ екен, сөзі мұнды екен. Жігіттің аты Бозжігіт екен, қыздың аты Қарааша екен. Бозжігіттің досының аты белгісіз екен. Беркмін деп жазып едік. Және шәрдің аты жоқ еді. Бұл кітап жазарға бізге қызын болды. Өзіміздің көnlіміз қайғылы күнде бұл “Бозжігіт” кітапты мың сегіз жұз қырық екінші жылда жазып едік. Әуелі жазғанда қисса деп жаздық, сөзін жазып жырлап едік, шәкірттеріміз “Бозжігіт” кітапты бәрін әніменен жазылсын деген себепті бәрі сөзін әніменен жаздық. Біздің мұнды адамдардың көnlі ашылсын деп кітапты әніменен жазбакқа рұқсат бар”.

Келтірілген үзіндіден және мәтінді текстологиялық түрғыдан зерттеу нәтижесінде мынадай қорытЫндылар жасауға болады: 1) В. В. Радлов кітабында жарияланған нұсқа 1842 ж. қағазға түсірілген; 2) оны хатқа түсірген әдебиет тарихында аты қалмаған, осы күнге дейін есімі беймәлім болған жыршы-акын; 3) ақын өзі атап көрсеткендегі дастан мәтінін қағазға 1842 ж. түсірген, демек ақынның Омбы шәріне барғанда көрген «Бозжігіт» кітабы 1842 жылдан бұрын баспа бетін көргені анық және ол кітап араб әрпінде жарияланған, себебі 1917 жылға дейін жеке кітап болып жарияланған фольклорлық үлгілердің бәрі араб әрпінде жарық көрді; 4) жыршы-акын сол кітапты, яғни 1842 жылға дейін араб әрпінде басылып шыққан мәтінді, дәлірек айт-

\*С.а.с. – салла Аллаһу аләйхи уас салам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке – деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

қанда, ондағы өлең жолдарын кирилл әрпіне көшірген, ал қара сөзбен берілген жерлерін өлеңге айналдырыған, сондықтан “сөзін жазып, жырлан едік” дейді; 5) нұскада жігіттің де, қыздың да есімдері таза қазаки: Бозжігіт, Қарашаш; 6) қыздың да, жігіттің де патшалығы, қаласының аты аталмайды, тек қызы өзі туралы хабар бергенде бір рет “Шәр-бұстап Рұмнан Бізді іздесен, та-барсын” дейді (бұстан – бақ, бақша). Бірақ бұл жерде Рұм қызы тұратын мемлекеттің атауы емес, ол – поэтикалық образ, себебі шығыс әдебиеті мен фольклорында, сондай-ақ қазақ дастандарында да Сарандип, Ирамбак, Мысыр, Рұм сияқты атаулар алыстағы ғажайып мекеннің символы ретінде қолданылатыны белгілі; 7) бұл мәтінде көптеген түсініксіз, орынсыз қолданылған, мағынасы көмескі сөз, сөз тіркестері кездеседі. Оның екі себебі болуы мүмкін: а) араб әрпіндегі тұпнұсқаны 1842 жылы кириллицаға көшірген жыршы біраз сөздерді дұрыс түсінбegen, танымған; ә) біраз қателер жариялаушыдан, баспадан кеткен.

1869 жылы Қазан қаласында “Бозжігіттің” тағы бір нұскасы жарық көрді. Ол араб әрпінде басылып шықты. Бұл мәтін 1874, 1878, 1881, 1889, 1890, 1893, 1896, 1903, 1906 жылдары кайтадан еш өзгеріссіз басылып отырды (переиздания). Дастанның осы басылымдары туралы А. Бобровников те, Н. Сәбитов те көрсеткіштерінде мәлімет берген[2]. Орталық ғылыми кітапханада сакталған 1869, 1874 жж. басылымдардың кейбір беттері жыртылып тозғандықтан, біз 1881 жылғы мәтінмен жұмыс істедік.

Бұл мәтінде қарасөз бен өлең аралас. Кейіпкерлердің монологтары мен диалогтары, тұрмыс-салт өлеңдері Радлов нұскасымен бірдей. Ал оқиғалары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, құмылдарын баяндайтын үзінділер қарасөзбен берілген. Нұсканың тілі – қазакша, сонымен бірге ортағасырлық түркі тілінің элементтері көп кездеседі және татар тілінің әсері айтарлықтай, ал сюжеті мен мазмұны Радлов нұскасымен бірдей, дегенмен айырмашылықтар жоқ емес, олар: 1) мұнда қыздың аты Ханузе, әкесінің аты Таһмас. Ол Малатия шаһарының ханы. Жігіттің аты – Бозжігіт. Тұратын мекені Бағдат шаһары делінеді. Радлов нұскасында да жігіттің аты – Бозжігіт, ал қыздың аты – Қарашаш, бірақ олардың тұрағының аты, ата-анасының есімі жайында ештеңе айтылмайды; 2) 1881 жылғы мәтінде Бозжігіттің

қызды іздең шыққан сапары кең көлемде жырланады: Бозжігіт серіктерімен маймұндар тұтқынында үш жыл болады. Қашып шығып, Балхун шаһарына келеді. Қуып келген маймұндар оларды қайтадан ұстап алады. Маймұндар патшасын адамнан қояды екен. Ол Бозжігітке өз орнына патша болуды ұсынады. Тактан бас тартқан Бозжігітті аяп, оны серіктерімен зынданға салдырымайды. Олар тағы үш жыл тұтқында болып, әрен дегенде қашып құтылады. Ал Радлов нұскасында мұндай тәптіштеп баяндау жоқ. Бозжігіт жолдастарымен маймұндар тұтқынан үш жылдан соң қашып шығады деп қысқа кайырылған. Маймұндар мемлекетінің сипаттамасы да жоқ; 3) Радлов нұскасында Бозжігіттің жан досының аты аталмаған, 1881 жылғы нұскада оның есімі – Каман. Радлов нұскасы бойынша Бозжігіттің досы сатқын кемпірдің басын кеседі де итке тастайды. Яғни бұл жерде ол Бозжігіттің кегін қайтарушы, оны қорғаушы болып көрінеді. Тіпті Бозжігіттің өлер алдындағы соңғы тілегін де орындаушы сол. Ол досының әке-шешесіне келіп, үлдарының опат болғанын естіртеді. Осыменен оның ролі шектеледі.

Ал 1881 жылғы нұскада Бозжігіттің жан досы Каман у беруші кемпірді өлтірмейді. Оның есесіне ол досының тілегі бойынша, оның каза болғанын ата-анасына естіртеді де, өзі Алла Тағаладан кабірдің ашылуын тілеп, досы Бозжігіт өлген соң “өмірдің мен үшін қызығы жоқ” деп, өзін ажалға кияды. Оның бұл қылығы бізді тандандырымайды, себебі досы үшін жанын қию дастан поэтикасына сай келеді.

Көріп отырғанымыздай, 1881 жылы баспа бетін көрген нұсканы жинап, редакциялап баспаға әзірлеген жинаушы (жариялаушы) сюжеті қазақ өмірінен алынып жырланған шығарманы шығыс дастандарына жақыннату мақсатымен мазмұнына жоғарыда көрсетілген өзгерістерді енгізген. Бірақ өлең үлгілерін өзгертупеген, сол күйінде қалдырыған.

1911 жылы дастанның тағы бір нұскасы жарық көреді. Оны “Қисса Бозжігіт” деген атпен жариялаған Ақылбек Сабалұлы. Кітаптың титул беттерінде “ноғайшадан өлең етіп жырлаған Ақылбек Сабалұлы” делінген. Осы жазуға байланысты туған сұрактарға жауап беру мақсатымен біз бұл нұсканы 1881 жылғы нұскамен салыстырдық. Жүргізілген текстологиялық салыстырулардан бір-екі мысал:

*Бозжігіт, 1881. 2-б.*

Әлқисса, хикаятді андағ келмүш-дұр, Малатия шаһарінде бір хан бар еді. Есімі Таһмас ерді, жұрт уәлаяты бек көп ерді. Оның бір қызы бар еді, аты Ханузе ерді, биғаят Сахыпжамал хұп суратлик ерді. Атасы бек ұлға сарайға hеш кімге көрсетмей асырар ерді. Қашан он бес яшына ерүшді бір күн жатып түш көрді.

*Бозжігіт, 1881. 19-б.*

Әлқисса, Сахыпжамал Камандан бундаин сөзni ешіткенден сон тонинин бір енін киіп, бір енин кимеинше мәжлиске жетіп келді. Көрдікім Бозжігітінін халі хараб-дұр, көзіні ашарға дәрмені жоқ. Жамағат аяқ өр тұрып қызға урын бердиләр. Қыз зар жылап, атасына уа жамағатқа бір назым айтқана... Сақыпжамал сасады халін көрмей,

Енді өлең жолдарын салыстырайық:

*Бозжігіт, 1881. 2-б.*

Жан-жан жарым келгені,  
Түшде көрдің сен мені.  
Қошуулур күн болған йок,  
Сабыр еткіл сен өлі.  
Біз хазырмыз баруға,  
Шаһар – елге юруга  
Алла әмірі бар болса,  
Дидарынлизі көргенше,

\*  
Ләйлі менен Мәжнүндей  
Сабыр қылсан қерек-ті.

Тағы бір мысал:

*Бозжігіт, 1881. 5-б.*

Атқа мініп шықсаң сен,  
Айтқан сөзіні ұқсаң сен.  
Мені қабыл көрсөң сен,  
Түнде қошқан Алламыз  
Күндіз бізіні құшмай ма?  
Дүнья бізден үтмай ма?

\*\*  
Тез іздесен қерек-ті.

\*Бұл жолдар кітапта жоқ.

\*\*Бір жол кітапта жоқ.

*Қисса Бозжігіт, 1911. 3-б.*

Малатия шаһарында бір падиша,  
Есімі сұрасаныз Таһмас еді.  
Көп еді жұрты менен уәлаяты,  
Бар екен жалғыз қызы Ханузе атты.  
Көрсетпей еш адамға асырайды,  
Жаралған Сақыпжамал нұр сипатты.  
Ханузе он бес жасқа келіп жетті,  
Бір күні түсінде үйықтап кетті.

*Қисса Бозжігіт, 1911. 28-б.*

Есіткен соң тұрды біраз есін білмей.  
Үстіне тон жамылып жөнелді енді,  
Женінін бірін киіп, бірін кимей.

Қасына Бозжігіттің келді жетіп,  
Қараса, Бозжігіт тұр халі кетіп.  
Жамағат қызға тұрып орын берді,  
Атасына назым айтты зарлық етіп.

*Қисса Бозжігіт, 1911. 4-б.*

Жан-жан жарым келгені,  
Түсте көрдің сен мені.  
Қосылар күн болған жоқ,  
Сабыр еткіл сен өлі.  
Біз өзірміз баруға,  
Шаһар – елге жүргуге.  
Алла әмірі бар болса,  
Дидарынзызы көруге.  
Біз еліңе барғанша,  
Дидарынзызы көргенше,  
Ләйлі менен Мәжнүндей  
Сабыр қылсан қерек-ті.

*Қисса Бозжігіт, 1911. 9-б.*

Атқа мініп шықсаң сен,  
Айтқан сөзімді ұқсаң сен,  
Мені қабыл көрсөң сен  
Түсте қосқан Алламыз,  
Күндіз бізді қоспай ма?  
Дүнне бізден өтпей ме?  
Тағдыр ажал жетпей ме?  
Тез іздесен қерек-ті.

Екі нұсқаны салыстырып зерттеу нәтижесінде: Ақылбек Сабалұлы 1881 жылғы мәтіндегі қарасөзбен айтылған үзінділерді өлеңге айналдырғаны, шығарманың мазмұны мен құрылышына, оқиға желісіне, кейіпкер образдарына еш өзгеріс енгізбегені, өз тарапынан қосқан жаңалығы да жок екені анықталды. Ең маңыздысы: Ақылбек Сабалұлы кейіпкерлердің лирикалық толғаулары мен диалогтарын, тұрмыс-салт өлеңдерін еш өзгертуелік. Тек кей жолдардың орнын ауыстырып, я өзгертіп бергенін байқауға болады. Мысалы, 1881 жылғы нұсқаның 6-бетіндегі 11-жол “Кетпес қайғы түскен-дүр” деп айтылса, Ақылбек оны: “Кетпес қайғы түсті ғой” деп берген, яғни көне түркі “дүр” формасын “ғой” шылауымен ауыстырган т.б.

Айтатын тағы бір жайт: Ақылбек Сабалұлы “Қисса Бозжігіт” мәтінін баспаға өзірлегенде бұрынғы басылымдардағы біраз өлең жолдарын түсінбей, дұрыс танымай қысынсыз қыскартып, я сөздерін өзгертіп жариялаған.

Дастан мазмұнын екі ғашықтың махаббаты, қайғылы тағдыры құрайды. Олар бір-бірін түсінде көріп ғашық болады. Бір жылдан соң жігіт сұлу қызды іздеуге шығады. Көп қызындық көріп, қызben қауышады. Бірақ қыздың әкесі оған қарсы. Ол айла тауып Бозжігітті мерт етеді. Ғашықтың күйігіне шыдай алмаған Қарашаш ғашығының басына бейіт орнатып, өзіне-өзі пышақ салып өледі.

Енді шығарма сюжетінің кейбір мотив, сарындарына назар аударайық. Қазақ жырларының басым көпшілігінде кеңінен суреттелетін перзентсіздік зары, өулие, өнбиелерге жалбарынып бала сұрау, өулиелердің басына түнеу, болашақ қаһарманың анасының жерік болуы, баланың ғажайып тууы, балаға ат қою, төрт тарапқа хабар беріп үлкен той жасау, т.б. мотивтер мұнда кездеспейді. Дегенмен Бозжігіт – ханның жалғызы екендігі бірден айтылады: “Заманнан көп замандар өтті дейді, Бір ханға жалғыз ұлы бітті дейді”, “Бір ұл туды патшаға, жұртқа лайық, Сауын айтып той қылды елге жайып”. Демек, перзентсіздік мотиві мұнда бір-екі ауыз сөзбен қайырылған.

Бозжігіт Қобыланды, Алпамыс, Қозы Қорпештердей алып, аскан батыр тұлғасында суреттелмейді, ол “Қолына Құран менен кітап ұстап, Барады молдасына бір құн қалмай” және оның “Басында алтын айдар тұлымы бар” дедінеді.

Демек, Бозжігіт Аллаға жалбарынып сұрап алған, ерекше жағдайда туылған бала болмаса да, өзінің ерлігімен, алған мақсатынан қайтпайтындығымен, ажарымен, әдептілік, білімділік, инабаттылығымен, басқаша айтқанда, бүкіл ішкі және сыртқы болмысымен басқалардан өзгешеленіп тұрады, “Оның жүзін көргендер танға калаады”, оның бойынан болашақ кейіпкердің, ғашықтық дастаның бас қаһарманының сипаттарын анық көруге болады. Бозжігіт – ғашық жігіттің идеалды типі.

Бозжігіт “Бір тұнде ұйықтап тұс көреді, Алдында сұлу жақсы қызы көреді” де оған ғашық болады. Ғашықтықтан бір жыл дерпті болады. Содан соң қызды іздең алыс сапарға шығады. Кейіпкер көрген киелі тұс оның ұзак, қатерлі сапарға шығуына бірден-бір себеп болады, яғни сюжеттік байланыс қызметін атқарады. Ғалымдардың [Е. Э. Бертельс, Ю. Борщевский, В. М. Жирмунский т.б.] айтуы бойынша, сырттай ғашық болу мотиві, әсіресе, ғажайып тұс мотиві парсы дастандарына тән. Біздің байқауымызша, ол қазақ фольклорында да жиі кездеседі. Мысалы, Төлеген Қызы Жібекті көрмей, оның ауызша айтылған портреттіне ғашық болады, Бозаман елінде өзіне лайық сұлу таба алмай, қалмақ қызы Ақбілектің айдай сұлу екенін табыншылардан естіп, соған ғашық болып, кідірмей іздеуге шығады (“Бозаман” дастаны), Жаскелен Қоңырша сұлуды түсінде көреді (“Жаскелен” дастаны), Құбығұл да жарын түсінде көріп махаббат отына өртенеді (“Құбығұл” дастаны), т.б. Бұл сарын өртегілерде де кездеседі. Демек, ғажайып тұс мотиві, жалпы сырттай ғашық болу мотиві қазақ фольклорына да тән екенін анғару қын емес.

Бозжігіт қызды іздең тауып, оған қосылу мақсатымен жолға шығады. Батырдың үйлену мақсатындағы жорықтары көне эпос пен батырлық жырларда сюжеттің үлкен бөлігін құрайтыны белгілі. Ал дәстүрлі ғашықтық эпос пен ғашықтық дастандарда бас қаһарманың ғашықтық жолмен үйленуі негізгі сюжет екені белгілі. Дәстүрлі эпикалық жырларда бас кейіпкер көбіне ата-анасы баталасып, құда түсіп, айттырған жарын іздесе, романдық дастандарда жігіт өзі таңдаған, өзі сүйген қызды іздейді. Онымен қосылуды армандаиды, көптеген жағдайда сол үшін құрбан болады. Талқыланып отырған шығармада екі жастың махаббаты, ыстық та нәзік, жарқын сезімдері, бір-біріне деген адалдығы олардың әрбір қимыл-әрекеттерінен, лирикалық ғазалда-

рынан айқын сезіледі және сюжеттің алып тастауға болмайтын элементі ретінде қабылданады.

Екі жастың кездесуі де өте әдемі берілген. Қарашаштың нөкер қыздары жар-жар айтып, табақ-табақ гауһар шашады. Бірақ олардың куаныштары үзакқа бармайды. Себебі ғашықтық дастандардың даму зандалықтарына сәйкес сатқын пайда болады. Сатқын ролінде құл, күн, акшаға қызықкан кемпір, қарауыл т.б. болуы мүмкін. Мұнда ханның күні бәрін көріп-естіп ханға хабарлайды. Хан ашуланып “Бозжігітті өлтірсін” деп жарлық қылады.

Демек, Бозжігіт Қозы, Төлеген сияқты сан алуан киындықтарды жеңіп жарымен кездескенде, оның алдынан тағы бір киындық тап болады, ол – Қарашаш әкесінің каталдығы, мейірімсіздігі. Әкесі қызының тандауына карсы шығады. Ол қызын Зейтун деген көршілес ханның баласына беруге uaғдаласқан екен. Осы қарама-қарсылықта Бозжігіт жеңіледі. “Қозы алдында тұрған төртінші бөгет – Қарабайдың опасыздығы, Қодардың жауыздығы еді. Шөже жырында осы жауыздық Қозының түбіне жетеді” [3] дейді М. О. Әуезов. Осы сөздер тұра Бозжігітке байланысты айтылған сияқты. Ал Жанақ нұсқасында Сасан бидің Қозы Қөрпешті өтірік тойға шақырып алып өлтірмек болғанын баяндайтын эпизод “Бозжігітте” сол қалпында қайталанады. Бірақ Бозжігіт те Қозыдай өзін дүшпандарына ұстаптайды. Сондықтан олар сатқын кемпірге көп акша беріп, Бозжігітке у бергізеді. Сонда ғана өлсіреп қалған жігітті қолдарына түсіреді де, басын алу мақсатымен базарға әкеледі. Бірақ олардың қылыштары өтпейді. Бозжігіт “Кеудемді ешкім менің үзбес деймін, Өз қылышым болмаса өтпес деймін”, ...“Табанымның астында алмас қылыш, Алып шабың, жанымды қинамаңыз” деп, өзінің “алты бүктеп салған алмас қылышын” ұсынады. Бұл – “отқа салса жанбау, суға салса батпау” мотивінің, яғни байырғы дәуірлерде пайда болған магиялық закым келмейтіндік мотивінің сілемі.

Әпикалық санаға тән мотивтердің тағы бірі – Бозжігіт досынын сатқын кемпірді өлтіруі. Эпос шарты бойынша, зұлымдық табанда жазалануға тиіс. Мәселен, “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырында Қозыны өлтірген Қодарды Баянның өзі жазалайды, ал “Кыз Жібекте” Бекежан зұлымды Жібектің ағалары өлтіріп, Сансызбай Коренді жайратады. Бұндай дәстүрлі рөл “Бозжігіт” дастанында бас кейіпкердің досына жүктелген.

Демек, талқыланып отырған шығармада бас кейіпкер досының мінез-құлқы мен өрекеті әпикалық зандалықтарға және дәстүрлі этикаға сай тулағанған.

Жоғарыда айтылғандардан “Бозжігіт” дастаны “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырына үксас, сарындаған екенін аңғару қыын емес. Қарашаш пен Баян образдарын салыстырғанда бұл пікір дәлелдене түседі. Екі шығарма да қыз кейіпкер өзін-өзі ғашықтық жолында құрбан етуімен аяқталады.

М. О. Әуезов Баян сұлу туралы былай дейді: “Баян – ақылды, өр мінезді қыз. Өзінің сүйіспен-шілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жүккізбайды. Оның махабbat жолындағы қасиетті ерлігі жер жүзі дастандарында, ең көркем үлгілерде ғана ұшырайтын зор қасиет болып суреттеледі” [4]. Қарашашқа да осы мінездемені беруге болады. Баян сұлу мен Қарашаштың қара ниетті, қатал әкелеріне берген жауаптары да бір типтес. Қарашаш әкесіне:

Бізден соңғы қызынды  
Кысыр қалған биедей,  
Елден-елді аралап,  
Елден жақсы көрінсе  
Оған оны берерсің, – дейді (1883-  
1887 жолдар) [5]

Ал Баян “әкесінің жауыздығын, өз өмірін азапқа салғандығын қөвшілікке өшкөрелеп, әкесінің опасыздығының бетін ашып” [6] одан да ауыр сөздерді айтатыны белгілі.

Кейіпкерлердің атынан айтылатын лирикалық монолог, диалогтардың шығарма сюжетін өрі қарай дамытудағы ролі ерекше, ал көркемдік, эстетикалық құндылығын сөз ететін болсак, оларды сөз өнерінің жарқын үлгілері деп бағалауға болады. Мысалы, Қарашаш сұлу Бозжігітті іздел жалған тойға келіп, әйнектен жырлап былай дейді:

– Түйе келіп боздайды,  
Ботасы оның жоқ па екен?!

Бота көзді Бозжігіт

Бұ ойында жоқ шығар?

Сиыр келіп мөніреjdі,  
Бұзауым деп жылайды.  
Бейшараның бұзау[ы]

Бұ ойында жоқ па екен?

Қойлар келіп маңырайды,  
Қозысы үшін аңырайды.  
Бейшараның қозысы  
Бұ ойында жоқ па екен?

Жылқы келіп кісінейді,  
Құлыным деп іздейді.  
Бейшараның құлыны  
Бұ ойында жоқ па екен?  
  
Бұлбұл құстар сайдайды,  
Қызыл түлі жоқ па екен?!  
Қызыл жүзді Бозжігіт  
Бұ ойында жоқ па екен?  
(1707-1726 жолдар)

Келтірілген бес шумақтың бүкіл көркем бейнелер жүйесі семантикалық мағынасы жағынан халқымыздың төрт түлік малдың образдарына негізделген. Әйткені төрт түлік халық поэзиясында ырыс пен берекені білдіреді. Түйе мен жылқы образы күш-куаттың, жан тәнімен берілгендейтін белгісіне айналған. “Ботадай боздау” деген тенеу ұлттымыздың ұғымы бойынша қайғықасіретті бейнелейді.

Ал дастанда пайдаланылған естірту, көніл айту, жұбату, әсіресе Бозжігіттің әке-шешесінің баласын жад етіп айтқан жоқтаулары азалау жанрының мағыналы, халықтың философиялық, моральдік, рухани құндылықтарын өзек етіп жырланған, көркем, баға жетпес үлгілерінің бірі.

Жоғарыда дастан сюжеті Ұлы Дешті Қыпшақ жерін мекендерген этнос, тайпалардың өмірінен алынғаны айтылды. Ал орта ғасырларда Дешті Қыпшақ даласында көшпендейтін қатар, қалалық мәдениеттің де дамып өркендегені белгілі. Соңықтан шығарманың негізгі оқиғаларының шаһарда [мәтінде – шәр] өтуін, мәтінде кездесетін базар, үй, әйнек, медресе секілді ұғымдардың қазак өміріне жат, кейінірек кірген десек қателескеніміз. Сонымен бірге шығыс әдебиетінің, дәлірек айтқанда, дастан поэтикасының өсері сезіледі.

Бұл дастан туралы С. Мұқанов кезінде былай жазған: “Бозжігіт” казак арасына әйгілі шығарма емес. Оны кез келген адам біле бермейді. Ал татар поэзиясының классигі Фабдолла Тоқай “медресе Фалия” аталатын оқу орнында дәріс оқып, татарда фольклордың аздығын, әсіресе әпостиң жоқтығын айтып, “Бозжігіт” – казак жыры” дегенде, кітаптың қағаздары татардың көз жасынан шірігенін айтқан” [7].

\* \* \*

“Бозжігіт” дастаны 1976 жылғы “Ғашық-наме” жинағында жарияланды (1976 ж., 21-87-66.). Жинақты құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктеп отырған дастанға жазған түсініктемесінде құрастыруышы былай деген: “Оқушыларға ұсынылып отырған осы “Ғашық-наме” кітабына “Бозжігіт” дастанының жана нұсқасы беріліп отыр” (458-б.). Бірақ нұсқаның қайдан алынғаны, айтушысы, жинаушысы, бұрын жарияланған болса шыққан жылы т.б., басқаша айтқанда, еш мәлімет берілмеген.

“Бозжігіт” дастанының белгілі нұсқаларын өзара салыстырып зерттеу нәтижесінде “Ғашық-наме” жинағында жарияланған мәтін В.В.Радлов кітабынан алынғаны анықталды. Тек мәтін өдеби өндөліп, редакцияланған.

1994 жылды дастан “Ел қазынасы – ескі сөз” атты В.В.Радловтың жоғарыда аталған еңбегінің үшінші томында басылып шыққан нұсқаларды қамтитын жинақта жарық көрді (346-416 бб.). Жинақты баспаға әзірлеп, құрастырғандар: Б. Уахатов, С. А. Қасқабасов, К. С. Матыжанов (жаупты шығарушы).

Аталмыш басылымда Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылатын жыр басындағы 90 жол алынбаған, ал мәтінде кеткен біраз қателері түзетілген. Дегенмен көпшілігі сол күйінде қалған.

2005 жылы «Бозжігіт» жыры «Бабалар сөзі» жүз томдық ғылыми басылымның 17 томында басылып шықты (томды құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктемелерін жазған Б. У. Әзі-баева). Томда жарияланған мәтін 1870 жылғы В. В. Радловтың басылымынан еш өзгертусіз дағындалды. Мәтіннің тілдік ерекшеліктері толық сақталды, мысалы: ғибрат сөзі мәтіндеңідей – ыбрат түрінде, ғаріп – кәріп, әкеңе – әкеңге, өзіңнен – өзіңден, гаяхар – кеукер деп берілді т.б.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, В. В. Радлов жариялаған нұсқада біраз сөздер мен сөз тіркестері кате жазылған, олар контекске сәйкес түзетілді, мысалы:

В. В. Радлов нұсқасындағы қате жазылған сөз, сөз тіркестері (1870 ж.)

*Беру бәрің  
жаратсам  
құрсаның  
шәр бастан Рұмнан  
кеш қасымда ақырсын  
Қабылга қарай тұрсан сен  
Ақ жүргенін көрерміз  
түстегі уақытта қылған жарды айталақ  
үйінен жеттім  
пайда қылып малдарын*

Түсте көрген жарымыз,  
Оған құрбан баралызы.

Көп қыздар үй ішінде сөйлеп жатыр,  
Хан қызы жары үйіктап жатыр.

*Ұстап алтын-күміс қолына алып*

Әлхамду сүрет Құраның  
Басында түр, жар-жар!

*Шыңғырып тұрып ішиң аш!*

Бір сұннің ішінде

Сен үйіңде хан едің

Ойлаймын жаным мұнда қалар ма деп,  
Мұнды басым осында қалар ма деп.  
Кім өлмей қалар мұнда, жаралған соң,  
Қорқамын құл кепілсіз қалар ма деп.

Ажал жеткен адамға  
Артық өмір сүрмек бар.

*Хабар* қыл деп айта көр

*Әзіл жсаны қиналып жерге түсті*

Ескендірдей патшаны  
Өз қолыңа алдың сен!

*Пақыры* әлем Мұқамбет

Еркім бар деп ес қылма  
Қызыңғың тілін алмас-ты

Қайран басын, хан басын,  
Келгенге үқсайды.

«Бабалар сөзі: жұз томдық. 17-том. Астана:  
Фолиант, 2005.

*Бір уа Барың (5-жол)  
жаратқан (39-жол)  
құрсант (59-жол)  
шәр-бұстан Рұмнан (172-жол)  
кеш қасымда әзірсің (218-жол)  
Құбыллага қарай тұрсан сен (235-жол)  
Ақ жазғаның көрерміз (280-жол)  
түстегі уақытта келген жарды айталақ (405-жол)  
үйінен кеттім (406-жол)  
нида қылып малдарын (526-жол)*

Түсте көрген жарымыз,  
Оған құрбан болалызы (530 531-жол)

Көп қыздар үй ішінде сөйлеп жатыр,  
Хан қызы жарын жоқтап жатыр (570-571-жол)

*Үыстап алтын-күміс қолына алып (654-жол)*

Әлхамду, сүре Құранның  
Басында-дүр, жар-жар! (660-661-жол)

*Секіріп тұрып есік аш! (1070-жол)*

Бір шәрдің ішінде (1093-жол)

Сен еліңде хан едің (1099-жол)

Ойлаймын жаным мұнда алар ма деп,  
Мұнды басым осында қалар ма деп.  
Кім өлмей қалар мұнда, жаралған соң,  
Қорқамын құл кебінсіз қалар ма деп.

(1296-1299-жолдар)

Ажал жеткен адамға  
Артық өмір сүрмек жоқ. (1516-1517жол)

*Сабыр* қыл деп айта көр (1521-жол)

*Әзіз басы қиналып жерге түсті (1658-жол)*

Ескендірдей патшаны  
Өз қойының алдың сен! (1680-1681-жол)

*Фахр ғалам* Мұқамбет (1684-жол)

Еркім бар деп іс қылма,  
Қызыңғың тілін алмас-ты (1792-1793-жол)

Қайран басын, хан басын  
Кесілгенге үқсайды. (1896-1997-жол)

*Айттасам өзім тимес-ті*  
Қайғың естен кетпес-ті.

*Төсегінде хан қызын құшақтайды,*  
Өзін-өзі пышақпен пышақтайды.

*Дос үшін бейшара көп жылайды,*  
*Құдайда аман қыл* деп көп тілейді.

*Байдан арызы алмақ жоқ*

*Бауырымның баласы*

*Ханым сүйген хан балам*

*Бұ не әзрет, жарандар?*

*Көрер күні болғанда*  
*Бір көрінсің, жан балам!*

*Баласын жоқтап ханым талып қалды,*  
*Жылап-жылап бұ ханымнан үміт үзді.*

*Айтсам сөзім жетпес-ті,*  
Қайғың естен кетпес-ті. (1920-жол)

*Қабірінде қыз жарын құшақтайды,*  
Өзін-өзі пышақпен пышақтайды.  
(2075-2076-жол)

*Досы үшін бейшара көп жылайды,*  
*Құдайдан “иман қыл”* деп көп тілейді.  
(2134-2135-жол)

*Айтып арыз алмақ жоқ* (2484-жол)

*Бауырымның парасы* (2612-жол)

*Жаным сүйген жанбалам* (2614-жол)

*Бұ не қасірет, жарандар?* (2714-жол)

*Көрер күні болғанда*  
*Бір көрермін, жан балам!* (2890-2891-жол)

*Баласын жоқтап ханым талып қалды,*  
*Жылап-жылап бұ ханым үміт үзді.*  
(2892-2893-жол)

Ал 1710, 1718, 1722, 1726 жолдардағы үйінде де-  
ген сөз ойында болып оқылғаны дұрыс деп шештік.

Сондай-ақ мәтінде бірнеше мағынасы қомескі  
сөз, сөз тіркестері кездесті [1135, 1317, 1482, 1781,  
1898, 2024, 2110, 2523, 2691-жолдар]. Олар  
түпнұсқалық қүйінде берілді.

Келтірілген мысалдар 1870 ж. В. В. Радлов  
жинағында жарияланған мәтін бұрынырақ араб  
әрпінде жазылған түпнұсқадан кирилл әрпіне  
1842 ж. түсірілгенде түпнұсқалық мәтіннің кейбір  
сөздерінің дұрыс танылмай, қате көшірілгенінің  
және баспашилар тарапынан жіберілген олқы-  
лықтардың айғағы.

Көлемі шектеулі мақалада дастанды толық,  
жан-жақты зерттеу мақсаты қойылған жоқ, тек  
сюжетінің кей ерекшеліктерін, жарияланым-  
дарының тарихын талдау көзделді; сондай-ақ ма-  
қалада дастанның баспа бетін көрген мәтіндері  
текстология түрфыдан зерттелді. Жүргізілген тал-  
даулар көрсеткендегі ұзақ уақыт бойы халық жа-  
дында сакталып келген “Бозжігіт” жыры XIX ға-  
сырда жарық көрген басылымдары [8] арқылы  
XXI ғасырға жетіп отыр. Дастанның сюжеті өзгер-  
мен, кейіпкерлердің лирикалық монологтары мен  
диалогтары, жиі кездесетін тұрмыс салт (амандасу,  
қоштасу, көрісу, естірту, жоқтау, көңіл айту) өлең-  
дердің үлгілері алғашқы формаларында сакталған.

Осы орайда ұлы М. О. Әуезовтің қазақ ба-  
тырлық жырларының арғы тегі ретінде қоштасу,

естірту, жоқтау секілді тұрмыс-салт өлеңдерін  
көрсеткенін ескере отырып, “Бозжігіт” жыры-  
ның ұзақ уақыт бойы халық жадында сакталып,  
бізге жетуінде аталған жанрлардың ролі ерекше  
болғанын атап айтқан жөн.

#### ӘДЕБІЕТ

1. Азибаева Б. Казахские народные романические дастаны. Алматы: Ылым, 1990.
2. Опись к книгам и рукописям, хранящимся в архиве Императорского Казанского Университета на арабском, персидском, турецком, татарском, киргизском, джагатайском и монгольском языках / Сост. архивариусом А. А. Бобровниковым под руководством Н. Ф. Катанова. Казань: Типография Императорского Университета, 1898. С. 30; Сәбитов Н. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. Алматы, 1948. 36-б.
3. Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 280-б.
4. Әуезов М.О. Аталған еңбек. 281-б.
5. Мысалға альпінған жыр жолдары «Бозжігіт» жырының 2005-жылғы басылымынан алынды: Бабалар сөзі: Жұз томдық. 17-том. Фашықтық жырлар. Томды құрас-  
тырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктемелерін жазған Б. Әзібаева. Астана: Фолиант, 2005.
6. Әұмалиев К. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958. 164-б.
7. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы, 1974. 136-б.
8. Аталған жарияланымдармен катар, дастан «Дала үәлаяты газеті» [1900, 1901] мен «Тургайская газета» [1901] бетінде жарияланған. 1901 жылы А. Васильев жырды орыс, қазақ тілдерінде жеке кітап етіп шыгарған. Бұлардың мазмұны Қазан қаласында 1869 жылдан бастап бірнеше мәрте жарияланған нұсқамен бірдей.